

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 24 қаңтардағы № ДС-17

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Алматы қаласының сейсмикалық қауіпсіздігіне қатысты сауалдарыңыз мұқият қаралды.

Тиісті ақпаратты қосымшада жолдап отырмыз.

Жоғарыда көрсетілген мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында, оларды шешу жұмыстары одан әрі жалғасатын болады.

Қосымша: 8 парақта.

О. Бектенов

✍ А. Газалиев

☎ 75-00-01

Қосымша

Тектоникалық жарықтар бар учаскелерде, сондай-ақ сел мен көшкін жүру қаупі бар аймақтарда жер учаскелерін беруге, құрылысқа бастапқы материалдар мен рұқсат беру құжаттарын беруге заңнамалық тыйым салуды енгізуге қатысты

Ағымдағы жылғы 5 қаңтарда «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңға енгізілген түзетулер күшіне енді, оған сәйкес барлық деңгейдегі қала құрылысы жобалары (*бас жоспарлар, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары*) міндетті түрде қала құрылысы сараптамасынан өтеді.

Осыған байланысты сейсмикалық қауіпсіздік жөніндегі нормалар сақталмай әзірленген, оның ішінде тектоникалық жарықтар бар учаскелердегі, сондай-ақ сел мен көшкін жүру қаупі бар аймақтардағы жобалар ведомстводан тыс қала құрылысы сараптамасын ала алмайды.

Демек, жеру учаскесіне бастапқы рұқсат беру құжаттамасы берілмейді.

Алматы қаласының мәслихаты мен әкімдігіне қала аумағында құрылыс салу қағидаларын әзірлеу және бекіту бойынша қосымша құзырет түрінде ерекше мәртебе беруге қатысты

Бүгінгі күні «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңға Алматы қаласының жергілікті атқарушы және өкілді органдарына құрылыс салу қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретті беру бойынша түзетулер Парламент Мәжілісінде қаралуда.

Аталған түзетулер қабылданғаннан кейін әкімдік қала аумағында құрылыс салуды дербес жоспарлап, іске асыра алады.

Тұрғын үй үлескерлері мен мүдделі қозғам өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен объектіні пайдалануға қабылдау сатысында выбросынақтарды қолдана отырып, тұрғызылған объектіге міндетті тәуелсіз сейсмикалық тексеру жүргізуді практикаға енгізуге қатысты

Қолданыстағы заңнамада выбросынақтарды қолдана отырып, тұрғызылған объектіге міндетті тәуелсіз сейсмикалық тексеру жүргізу практикасы көзделмеген.

Бұл ретте «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңға толықтырулардың енгізілуіне және әкімдікке Алматы қаласында құрылыс салу қағидаларын әзірлеу жөніндегі құзыреттің берілуіне қарай оларда объектіні пайдалануға қабылдау сатысында выбросынақтарды қолдана отырып, тұрғызылған объектіге міндетті тәуелсіз сейсмикалық тексеру жүргізу құқығын беретін нормаларды көздеуге болады.

Тұрғызылған және пайдалануға қабылданған көппәтерлі тұрғын үйлерге сейсмикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан іріктемелі мемлекеттік сейсмикалық аудит жүргізу практикасын енгізуге, кейіннен пайдалануға қабылдау актілерінің күшін жоюға қатысты

Тұрғызылған және пайдалануға қабылданған көппәтерлі тұрғын үйлерге іріктемелі мемлекеттік сейсмикалық аудит жүргізу практикасын енгізу үшін «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңға Алматы қаласының әкімдігіне қала аумағындағы құрылысты техникалық сүйемелдеуге ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалық төзімділігі саласындағы ғылыми-зерттеу институттарын тарту құзыретін беру жөніндегі түзетулер әзірленді.

Осы түзетулерді қабылдау Алматы қаласының әкімдігіне азаматтық қорғау органдарымен келісу бойынша қала құрылысы жобаларын әзірлеуге, сондай-ақ құрылыс объектісінің сейсмикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін ғылыми институттарды тартуға және құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдағанға дейін оларды техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жер учаскелерін беру жөніндегі материалдарды, жерге орналастыру жобаларын, жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік сараптамасы мен қала құрылысы сараптамасының материалдарын төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органдармен, сейсмикалық қызметтермен және ғылыми институттармен (ҚазҚСҒЗИ) келісуді практикаға енгізуге қатысты

Жер учаскелерін беру жөніндегі материалдарды, жерге орналастыру жобаларын, жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік сараптамасы мен қала құрылысы сараптамасының материалдарын келісу тәртібі Жер кодексінің 44-2-бабында, Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидаларының 17-тармағында (*Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 3 маусымдағы № 180 бұйрығымен бекітілген*) және Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларында (*Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығымен бекітілген*) регламенттелген.

Қазіргі уақытта Төтенше жағдайлар министрлігі «Азаматтық қорғау саласындағы кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірледі, онда «Сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар» деген жеке тарау енгізу ұсынылып отыр, сондай-ақ азаматтық қорғау органдарының құрылыс объектісінің өрт және сейсмикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру арқылы объектілерді пайдалануға қабылдауға қатысуы жөніндегі нормалар көзделген.

Әл-Фараби көшесінен жоғары және Алматы қаласының тау бөктерлерінде көпқабатты, екі қабаттан биік тұрғын үй кешендерінің құрылысына тыйым салуға қатысты

2017 жылы Алматы қаласы үшін егжей-тегжейлі сейсмикалық және шағын сейсмикалық аудандарға бөлу картасы әзірленді, оның негізінде 2020 жылы «Сейсмикалық шағын аймақтарға бөле отырып, Алматы қаласының аумағында құрылыс салу» ҚР ҚЕ 2.03-31-2020 әзірленді, онда Алматы қаласындағы құрылысты жобалау, ғимараттар мен құрылыстардың қабаттылығы және оларды қосымша күшейту жөніндегі талаптар көзделген.

Бұдан басқа, мемлекеттік бақылауды күшейту шеңберінде қолданыстағы заңнамаға тиісті түзетулер енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Айталық, заңнамалық деңгейде қала құрылысы сараптамасы институты енгізілді, ол қала құрылысын жоспарлау кезеңінде сәулет-құрылыс нормаларынан (*тығыздық, қабаттылық, көгалдандыру, санитариялық-қорғау аймақтары, экологиялық талаптар және т.б.*) ауытқуға жол бермеуге, оны бекіту бойынша бұзушылықтарды болғызбауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, қадағалаудың жаңа тетігін – «Жедел ден қою шарасын» енгізу мәселесі пысықталуда, ол құрылыс сапасына инспекция жүргізуді, объектіні салу кезінде бекітілген жобалау шешімдерінен ауытқуларды анықтауды, құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұрып, рұқсат беру құжаттарынан (*лицензиялар, аттестаттар және т.б.*) айыруға дейін бұзушылықтардың жолын кесуді көздейді.

Тиісті түзетулер Парламент Сенатының қарауындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнесті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде көзделген.

2023 жылғы мамырда Үкімет аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуді көздейтін Алматы қаласының Бас жоспарын бекітті.

Әзірленген қала құрылысы жобасы сейсмикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, ол сараптаманың оң қорытындысын алмайды. Демек, бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы болмаған жағдайда, оның ішінде Әл-Фараби көшесінен жоғары тектоникалық жарықтарда жер бөлу мүмкін болмайды.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажиліса Парламент
Республики Казахстан
(по списку)

На № ДС-17 от 24 января 2024 года

Уважаемые депутаты!

Ваш депутатский запрос относительно сейсмической безопасности города Алматы был внимательно рассмотрен.

Соответствующую информацию направляем в приложении.

Вышеуказанные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства, дальнейшая работа по их решению будет продолжена.

Приложение: на 8 листах.

О. Бектенов

✍ А. Газалиев
☎ 75-00-01

Приложение

Относительно введения законодательного запрета на предоставление земельных участков, выдачу исходных материалов и разрешительных документов для строительства на участках с тектоническими разломами, а также в селе- и оползнеопасных зонах

5 января т.г. вступили в силу поправки в Закон «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности», в соответствии с которыми градостроительные проекты всех уровней (*генеральные планы, проекты детальных планировок*) в обязательном порядке проходят градостроительную экспертизу.

В этой связи проекты, разработанные без соблюдения норм по сейсмобезопасности, в том числе находящиеся на участках с тектоническими разломами, а также в селе- и оползнеопасных зонах, не смогут получить заключение вневедомственной градостроительной экспертизы.

Следовательно, не будет выдана исходно-разрешительная документация на земельный участок.

Относительно предоставления маслихату и акимату Алматы особого статуса в виде дополнительной компетенции по разработке и утверждению правил застройки территории города

На сегодняшний день на рассмотрении в Мажилисе Парламента находятся поправки в Закон «Об особом статусе города Алматы» по наделению местного исполнительного и представительного органов города Алматы компетенцией по разработке и утверждению правил застройки.

После принятия данных поправок акимат сможет самостоятельно планировать и реализовывать застройку на территории города.

Относительно введения в практику проведения обязательного независимого сейсмообследования возведенного объекта с применением виброиспытаний на стадии приемки объекта в эксплуатацию, с обязательным участием дольщиков жилых домов и заинтересованной общественности

Действующим законодательством практика проведения обязательного независимого сейсмообследования возведенного объекта с применением виброиспытаний не предусмотрена.

При этом, по мере внесения дополнений в Закон «Об особом статусе города Алматы» и предоставления компетенции акимату по разработке Правил застройки города Алматы, в них возможно будет предусмотреть нормы, дающие право проводить независимое сейсмообследование возведенного объекта с применением виброиспытаний на стадии приемки объекта в эксплуатацию.

Относительно введения практики выборочного государственного сейсмоаудита возведенных и принятых в эксплуатацию многоквартирных жилых домов на предмет соответствия требованиям сейсмобезопасности с последующей отменой актов приемки в эксплуатацию

Для введения практики выборочного государственного сейсмоаудита возведенных и принятых в эксплуатацию многоквартирных жилых домов разработаны поправки в Закон «Об особом статусе города Алматы» по наделению акимата города Алматы компетенцией по привлечению научно-исследовательских институтов в сфере сейсмостойкости зданий и сооружений к техническому сопровождению строительства на территории города.

Принятие данных поправок позволит акимату города Алматы разрабатывать градостроительные проекты по согласованию с органами гражданской защиты, а также привлекать научные институты для оценки соответствия объекта строительства требованиям сейсмической безопасности и осуществлять техническое сопровождение строительных объектов до их приемки в эксплуатацию.

Относительно введения в практику согласования материалов по предоставлению земельных участков, землеустроительных проектов, материалов государственной экспертизы проектно-сметной документации и градостроительной экспертизы с уполномоченными органами в сфере чрезвычайных ситуаций, сейсмическими службами и научными институтами (КазНИИСА)

Порядок согласования материалов по предоставлению земельных участков, землеустроительных проектов, материалов государственной экспертизы проектно-сметной документации и градостроительной экспертизы регламентирован статьей 44-2 Земельного кодекса, пунктом 17 Правил составления землеустроительного проекта по формированию земельных участков (*утвержденных приказом Министра сельского хозяйства от 3 июня 2022 года № 180*) и Правилами проведения комплексной градостроительной экспертизы градостроительных проектов всех уровней (*утвержденными приказом Министра национальной экономики от 20 ноября 2015 года № 706*).

В настоящее время Министерством по чрезвычайным ситуациям разработан проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты в сфере гражданской защиты», в котором предлагается введение отдельной главы «Мероприятия по обеспечению сейсмической безопасности», а также предусмотрены нормы по участию органов гражданской защиты в приемке объектов в эксплуатацию путем предоставления заключения о соответствии объекта строительства требованиям пожарной и сейсмической безопасности.

Относительно запрета строительства многоэтажных, выше двух этажей жилых комплексов выше улицы аль-Фараби и на горных «прилавках» города Алматы

В 2017 году для города Алматы была разработана карта детального сейсмического и микросейсмического районирования, на основании которой в 2020 году разработан СП РК 2.03-31-2020 «Застройка территории города Алматы с учетом сейсмического микрозонирования», которым предусмотрены требования по проектированию строительства, этажности зданий и сооружений в городе Алматы и их дополнительному усилению.

Кроме того, в рамках усиления государственного контроля проводится работа по внесению соответствующих поправок в действующее законодательство.

Так, на законодательном уровне внедрен институт градостроительной экспертизы, который позволит уже на этапе градостроительного планирования предотвратить отклонение от архитектурно-строительных норм (*плотность, этажность, озеленение, санитарно-защитные зоны, экологические требования и т.д.*), исключить нарушения по ее утверждению.

Кроме того, прорабатывается вопрос введения нового механизма надзора - «Мера оперативного реагирования» - предусматривающего проведение инспектирования за качеством строительства, выявление при строительстве объекта отклонения от утвержденных проектных решений, пресечение нарушений с приостановлением строительно-монтажных работ, вплоть до лишения разрешительных документов (*лицензии, аттестаты и т.д.*).

Соответствующие поправки предусмотрены в рамках законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам ведения бизнеса», находящегося на рассмотрении Сената Парламента.

В мае 2023 года Правительством утвержден Генеральный план города Алматы, предусматривающий функциональное зонирование территорий.

В случае несоответствия разработанного градостроительного проекта требованиям сейсмической безопасности, он не получит положительного заключения экспертизы. Следовательно, выделение земли при отсутствии утвержденного проекта детальной планировки будет невозможным, в том числе и на тектонических разломах, выше улицы аль-Фараби.
